

**Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі жанындағы
Сот-сараптама қызметі саласындағы салалық кеңестің отырыстары
кәсіби біліктіліктері бойынша
(бұдан әрі - Салалық кеңес)
Хаттама**

Астана қ

№2

2024 жылғы 22 тамыз.
(ZOOM арқылы)

Төрағалық етті:

Салалық кеңестің төрағасы – «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК директорының өндіріс жөніндегі орынбасары
А. Т. Сейдахметова

Қатысқандар:

Салалық кеңес мүшелері (тізім бойынша)

1. Салалық кеңестің жұмыс жоспары мен кестесін бекіту.

(Сейдахметова А.Т.)

1. Салалық кеңес мүшелері кеңестің жұмыс жоспары мен кестесін қарады.
2. Салалық кеңес мүшелерінің бірауыздан шешімімен салалық кеңестің жұмыс жоспары мен кестесі бекітілді.

2. «Сот-сараптама қызметі» саласының салалық біліктілік шеңберін бекіту

(Сейдахметова А.Т.)

1. Салалық Кеңеспен «Сот-сараптама қызметі» саласының салалық біліктілік шеңбері қаралды.
2. Салалық кеңес мүшелерінің шешімімен «Сот-сараптама қызметі» саласының салалық біліктілік шеңбері бекітілді.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Кәсіби стандарты жобасын талқылау.

(Сейдахметова А.Т.)

1.А. ж. 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т. Дүйсенованың хаттамалық тапсырмасына сәйкес Әділетмині үшін сот-сараптама қызметі саласында 5 Кәсіби стандарт (бұдан әрі – КС) әзірлеу көзделген («Сот-жалпы сараптамалық зерттеу», «Сот-биологиялық зерттеу»

(медициналық)», «Сот-медициналық-криминалистикалық зерттеу», «Сот-наркологиялық зерттеу», «Сот-психиатриялық зерттеу»).

Жоғарыда көрсетілген тапсырма шеңберінде экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің түрлеріне сәйкес 5 КС кәсіптер карточкаларын топтастыру арқылы 1 КС болып біріктірілді.

2. Сот-сараптама қызметі саласындағы кәсіби стандарт жобасын әзірлеу және өзектендіру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

**Салалық кеңестің
Төрағасы**



Сейдахметова А.

Салалық кеңестің хатшысы



Сакишева З.